

"Тоқтатыла тұрған, кері қайтарылған және медициналық қолдануға тыйым салынған дәрілік заттар жөніндегі бірыңғай ақпараттық дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 25 қазандағы № 126 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімін басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған:

"Тоқтатыла тұрған, кері қайтарылған және медициналық қолдануға тыйым салынған дәрілік заттар жөніндегі бірыңғай ақпараттық дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары;

"Тоқтатыла тұрған, кері қайтарылған және медициналық қолдануға тыйым салынған дәрілік заттар жөніндегі бірыңғай ақпараттық дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Тоқтатыла тұрған, кері қайтарылған және медициналық қолдануға тыйым салынған дәрілік заттар жөніндегі бірыңғай ақпараттық дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Тоқтатыла тұрған, кері қайтарылған және медициналық қолдануға тыйым салынған дәрілік заттар жөніндегі бірыңғай ақпараттық дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың

интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы;

"Тоқтатыла тұрған, кері қайтарылған және медициналық қолдануға тыйым салынған дәрілік заттар жөніндегі бірыңғай ақпараттық дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесіне қосылу тәртібі бекітілсін.

2. Осы Шешіммен бекітілген Сипаттамада көзделген электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының техникалық схемаларын әзірлеу мен сыртқы және олардың өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыру кезінде пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының тізілімінде орналастырылуын қамтамасыз етуді Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру және дамыту жұмыстарын үйлестіру құзыретіне кіретін Еуразиялық экономикалық комиссияның департаменті жүзеге асырады деп белгіленсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2016 жылғы 25 қазандағы
№ 126 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

"Тоқтатыла тұрған, кері қайтарылған және медициналық қолдануға тыйым салынған дәрілік заттар жөніндегі бірыңғай ақпараттық дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл ҚАҒИДАЛАРЫ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін мынадай актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

2014 жылғы 23 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде дәрілік заттар айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісім;

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде дәрілік заттар айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімді іске асыру туралы" 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 108 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру

кезінде ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы " 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректермен электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестердің тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының бір-бірімен және Евразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық құжаттар алмасуы туралы ережені бекіту туралы" 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 125 шешімі.

II. Қолданылу саласы

2. Осы Қағидалар "Тоқтатыла тұрған, кері қайтарылған және медициналық қолдануға тыйым салынған дәрілік заттар жөніндегі бірыңғай ақпараттық дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесіне (бұдан әрі – жалпы процесс) қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс қимылдың, осы жалпы процесс шеңберінде орындалатын рәсімдердің сипатталуын қоса алғанда, тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленді.

3. Осы Қағидаларды жалпы процеске қатысушылар жалпы процесс шеңберіндегі рәсімдер мен операцияларды орындау тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ жалпы процестің іске асырылуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің құрауыштарын жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде пайдаланады.

III. Негізгі ұғымдар

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мына ұғымдар пайдаланылады, олар мыналарды білдіреді:

"авторластыру" - жалпы процеске қатысушыға белгілі бір әрекеттерді орындауға құқықтар беру;

"бірыңғай дерекқор" – мүше мемлекеттер аумағында айналысы Тоқтатыла тұрған не тыйым салынған дәрілік заттар, сондай-ақ кері қайтарылған не айналыстан алынып тасталған дәрілік заттар туралы бірыңғай ақпараттық дерекқор;

"тыйым салынған дәрілік зат" – осы құжатта тыйым салынған деп айналыстан алынып тасталған, айналысы тоқтатыла тұрған немесе қолдануға тыйым салынған дәрілік заттар деп аталады.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "жалпы процесс рәсімдері тобы", "жалпы процестің ақпараттық объектісі", "орындаушы", "жалпы процесс операциясы", "жалпы процесс рәсімі" және "жалпы процеске қатысушы" ұғымдары 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мәндерде қолданылады.

IV. Жалпы процесс туралы негізгі мәліметтер

5. Жалпы процестің толық атауы: "Тоқтатыла тұрған, кері қайтарылған және медициналық қолдануға тыйым салынған дәрілік заттар жөніндегі бірыңғай ақпараттық дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану".

6. Жалпы процестің кодпен белгіленуі: Р.ММ.05, 1.0.0-нұсқа.

1. Жалпы процестің мақсаты мен міндеттері

7. Жалпы процестің мақсаты:

а) қолдануға рұқсат етілген (тіркелген) дәрілік заттар туралы, сондай-ақ фармакологиялық қадағалау мен бақылау нәтижелері туралы ақпаратпен дәрілік заттар айналысы саласында ортақ ақпараттық кеңістік құру есебінен ақпарат алмасумен байланысты кедергілерді азайту үшін алғышарттар жасау;

б) жалпы процеске қатысушыларға өздеріне қатысты қабылданған шаралар туралы өзекті ақпаратты сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі - интеграцияланған жүйе) арқылы жедел ұсыну есебінен Одаққа мүше мемлекеттер (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) аумағында тыйым салынған дәрілік заттардың айналысын болдырмау үшін жағдайлар жасау болып табылады.

8. Жалпы процестің мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

а) интеграцияланған ақпараттық жүйе шеңберінде мүше мемлекеттер аумағында тіркеу куәліктері тоқтатылған, нарықтан кері қайтарылған немесе медициналық қолдануға тыйым салынған медициналық бұйымдар туралы мәліметтер (бұдан әрі – тыйым салынған дәрілік препараттар туралы мәліметтер) қамтылған ақпараттық ресурс құру;

б) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының бірыңғай дерекқордан мәліметтерді интеграцияланған жүйе құралдары арқылы электрондық түрде және автоматтандырылған режимде алуы мүмкіндігін қамтамасыз ету;

в) Комиссия бекітетін, мүше мемлекеттер аумағында тіркеу куәліктері тоқтатылған, нарықтан кері қайтарылған немесе медициналық қолдануға тыйым салынған медициналық препараттар жөніндегі бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу тәртібінде (бұдан әрі – бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу тәртібі) айқындалған жағдайларда мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының интеграцияланған жүйе құралдары арқылы бір-бірін жедел хабардар ету мүмкіндігін қамтамасыз ету;

г) мүдделі тұлғалардың және Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) қызметкерлерінің бірыңғай дерекқорда қамтылған өзекті, толық және анық мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталын пайдалану арқылы алуы мүмкіндігін қамтамасыз ету;

д) бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу кезінде бірыңғай сыныптауыштар мен анықтамалықтардың пайдаланылуын қамтамасыз ету.

2. Жалпы процеске қатысушылар

9. Жалпы процеске қатысушылар тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Жалпы процеске қатысушылар тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.ACT.001	Комиссия	Одақтың: тыйым салынған дәрілік препараттар туралы мәліметтер алу және бірыңғай дерекқорды жаңарту; мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының сұрау салулары бойынша бірыңғай дерекқордан мәліметтерді ұсыну; Одақтың ақпараттық порталындағы бірыңғай дерекқор мәліметтеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету бөлігінде бірыңғай дерекқорды қалыптастыру мен жүргізуге жауап беретін органы
P.MM.05.ACT.001	мүше мемлекеттің уәкілетті органы	мүше мемлекеттің Комиссияға бірыңғай дерекқорды жаңарту үшін тыйым салынған дәрілік препараттар туралы мәліметтер ұсынатын, дәрілік заттардың сапасын бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті атқарушы билік органы Бірыңғай дерекқорды

		қалыптастыру және жүргізу тәртібінде белгіленген жағдайларда мәліметтерді жөнелтушінің немесе алушының функцияларын орындайды.
P.MM.05.ACT.002	мүше мемлекеттің хабардар етуші уәкілетті органы	мүше мемлекеттің бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу тәртібіне сәйкес бірыңғай дерекқорға тыйым салынған дәрілік препараттар туралы мәліметтердің енгізілгені туралы хабарлама жіберетін уәкілетті органы
P.MM.05.ACT.003	мүше мемлекеттің хабардар етілетін уәкілетті органы	бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу тәртібіне сәйкес бірыңғай дерекқорға тыйым салынған дәрілік препараттар туралы мәліметтердің енгізілгені туралы хабарлама алатын мүше мемлекеттің уәкілетті органы
P.MM.05.ACT.004	мүдделі тұлға	Одақтың ақпараттық порталында бірыңғай дерекқордан мәліметтер сұрататын жеке немесе заңды тұлға. Дәрілік заттар айналысы субъектілері сияқты, мемлекеттік биліктің мүдделі органдары да мүдделі тұлғалар бола алады.

3. Жалпы процесс құрылымы

10. Жалпы процесс өзінің мақсаты бойынша топтастырылған рәсімдер жиынтығын білдіреді:

- а) бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдері;
- б) бірыңғай дерекқордан мәліметтер алу рәсімдері;
- в) бірыңғай дерекқорға мәліметтерді енгізу туралы хабарлау рәсімдері.

11. Жалпы процесс рәсімдерін орындау кезінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары Комиссияға электрондық түрде ұсынатын тыйым салынған дәрілік препараттар туралы мәліметтер негізінде бірыңғай дерекқорды қалыптастыруды, мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен мүдделі тұлғаларға бірыңғай дерекқорға енгізілген тыйым салынған дәрілік препараттар туралы мәліметтерді ұсынуды, сондай-ақ мүше мемлекеттің уәкілетті органының басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарын тыйым салынған дәрілік препараттар туралы мәліметтердің бірыңғай дерекқорға енгізілгені туралы хабардар етуін жүзеге асырады.

Бірыңғай дерекқорды қалыптастыру кезінде жалпы процестің бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобына кіретін мынадай рәсімдері орындалады:


- бірыңғай дерекқорға мәліметтерді енгізу;
- бірыңғай дерекқордағы мәліметтерді өзгерту;
- бірыңғай дерекқордан мәліметтерді алып тастау.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына бірыңғай дерекқорға енгізілген, тыйым салынған дәрілік препараттар туралы мәліметтер ұсынылған кезде бірыңғай дерекқордан мәліметтер алу рәсімдері тобына кіретін жалпы процестің мынадай рәсімдері орындалады:

- бірыңғай дерекқорды жанарту күні мен уақыты туралы мәліметтер сұрату;
- бірыңғай дерекқордан мәліметтерге сұрау салу;
- бірыңғай дерекқордан өзгертілген мәліметтерді сұрату.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органы басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына тыйым салынған дәрілік препараттар туралы мәліметтердің енгізілгені туралы хабарлаған кезде Бірыңғай дерекқорға мәліметтерді енгізу туралы хабарлау рәсімдері тобына енгізілген "Бірыңғай дерекқорға мәліметтерді енгізу туралы хабарлама" рәсімі орындалады.

12. Келтірілген жалпы процесс құрылымының сипаттамасы 1-суретте берілген.



1-сурет. Жалпы процесс құрылымы

13. Операциялардың егжей-тегжей сипаттамасын қоса алғанда, мақсаты бойынша топтастырылған жалпы процесс рәсімдерін орындау тәртібі осы Қағидалардың VIII бөлімінде берілген.

14. Рәсімдердің әрбір тобы үшін жалпы процесс рәсімдерінің арасындағы байланысты және оларды орындау тәртібін көрсететін жалпы рәсімдер схемасы беріледі. Жалпы рәсімдер схемасы UML (унификацияландырылған модельдеу тілі – Unified Modeling Language) графикалық нотациясын пайдаланып құрылған және мәтіндік сипаттамамен қамтылған.

4. Бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдер тобы


15. Бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдерін орындау мүше мемлекеттің уәкілетті органынан тыйым салынған дәрілік препараттар туралы мәліметтердің мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесіне енгізілгені (өзгертілгені, алып тасталғаны) туралы ақпарат алған кезде басталады. Аталған мәліметтерді ұсыну Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 25 қазандағы № 126 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес (бұдан әрі – Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) "Тоқтатыла тұрған, кері қайтарылған және медициналық қолдануға тыйым салынған дәрілік заттар жөніндегі бірыңғай ақпараттық дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезінде жүзеге асырылады. Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 25 қазандағы № 126 шешімімен бекітілген "Тоқтатыла тұрған, кері қайтарылған және медициналық қолдануға тыйым салынған дәрілік заттар жөніндегі бірыңғай ақпараттық дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі - Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес болуға тиіс.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органы мүше мемлекеттердің аумақтарында дәрілік препараттардың тіркеу куәліктерінің қолданысын тоқтата тұру, нарықтан кері қайтарып алу немесе медициналық қолдануға тыйым салу туралы шешім қабылдаған кезде "Бірыңғай дерекқорға мәліметтерді енгізу" (P.MM.05.PRC.001) рәсімі орындалады.

Бірыңғай дерекқорда қамтылған тыйым салынған дәрілік препараттар туралы мәліметтерге өзгерістер енгізу қажет болған кезде "Бірыңғай дерекқордағы мәліметтерді өзгерту" (P.MM.05.PRC.002) рәсімі орындалады.

Уәкілетті орган тыйым салынған дәрілік препараттар туралы мәліметтерді бірыңғай дерекқордан алып тастау туралы шешім қабылдаған кезде "Бірыңғай дерекқордан мәліметтерді алып тастау" (P.MM.05.PRC.003) рәсімі орындалады.

16. Бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдер тобының сипаттамасы 2-суретте берілген.



2-сурет. Бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдер тобының жалпы схемасы

17. Бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдер тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде берілген.

2-кесте

Бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.MM.05.PRC.001	бірыңғай дерекқорға мәліметтерді енгізу	мүше мемлекеттің уәкілетті органы Комиссияға тыйым салынған жаңа дәрілік препарат туралы мәліметтерді ұсынуына, бірыңғай дерекқорды жаңартуға және оны Одақтың ақпараттық порталында жариялауға арналған рәсім
		мүше мемлекеттің уәкілетті органы Комиссияға тыйым

P.MM.05.PRC.002	бірыңғай дерекқордағы мәліметтерді өзгерту	салынған жаңа дәрілік препарат туралы өзгертілген мәліметтерді ұсынуына, бірыңғай дерекқорды жаңартуға және оны Одақтың ақпараттық порталында жариялауға арналған рәсім
P.MM.05.PRC.003	бірыңғай дерекқордан мәліметтерді алып тастау	мүше мемлекеттің уәкілетті органы Комиссияға тыйым салынған жаңа дәрілік препарат туралы бірыңғай дерекқордан алып тастауға жататын мәліметтерді ұсынуы, бірыңғай дерекқорды жаңарту және оны Одақтың ақпараттық порталында жариялауға арналған рәсім

5. Бірыңғай дерекқордан мәліметтер алу рәсімдері тобы

18. Бірыңғай дерекқордан мәліметтер алу рәсімдері мүше мемлекеттер уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен тиісті сұрау салу келіп түскен кезде орындалады.

Бірыңғай дерекқордан мәліметтер алу рәсімдерін орындау шеңберінде мүше мемлекеттер уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен келіп түскен сұрау салудың мынадай түрлері өңделеді:

бірыңғай дерекқорды жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерге сұрау салу;

бірыңғай дерекқордан мәліметтерді сұрату салу;

бірыңғай дерекқордан өзгертілген мәліметтерді сұрату.

Бірыңғай дерекқорды жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерге сұрау салуды мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақталатын тыйым салынған дәрілік препараттар туралы мәліметтерді бірыңғай дерекқорда сақталатын мәліметтермен үйлестіру қажеттігін бағалау мақсатында мүше мемлекеттің уәкілетті органы орындайды. Сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Бірыңғай дерекқорды жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді алу" рәсімі орындалады (P.MM.05.PRC.004).


Бірыңғай дерекқордан мәліметтерді сұрату мүше мемлекеттің уәкілетті органының бірыңғай дерекқордан барлық мүше мемлекеттер немесе нақты мүше мемлекет бойынша тыйым салынған барлық дәрілік препараттар туралы өзекті мәліметтерді сұрату мақсатына қарай алуы үшін орындалады. Бірыңғай дерекқордан мәліметтерге сұрау салу ағымдағы күнгі жағдай бойынша да, сұрау салуда көрсетілген күнгі жағдай бойынша да жүзеге асырылуы мүмкін. Сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Бірыңғай дерекқордан мәліметтер алу" (P.MM.05.PRC.005) рәсімі орындалады.

Бірыңғай дерекқордан өзгертілген мәліметтерге сұрау салу мүше мемлекеттің уәкілетті органының тыйым салынған дәрілік препараттар туралы өзгертілген мәліметтерді алуы мақсатында орындалады. Сұрау салуды орындау кезінде оларды

енгізу, алып тастау немесе өзгерту сұрау салуда көрсетілген күн мен уақыттан бастап сұрау салуды орындағанға дейінгі кезеңде орын алған, бірыңғай дерекқордан өзгертілген мәліметтер ұсынылады. Бірыңғай дерекқордан өзгертілген мәліметтер барлық мүше мемлекеттер немесе нақты мүше мемлекет бойынша сұрау салудың шарттарына байланысты ұсынылады. Көрсетілген сұрау салу тыйым салынған дәрілік препараттар туралы мәліметтерді бастапқы қосқан кезде, мысалы, жалпы процесті инициализациялау кезінде, жаңа мүше мемлекетті кіргізу кезінде, істен шығудан кейін ақпаратты қалпына келтірген кезде пайдаланылады. Сұрау салуды жүзеге асыру кезінде “Бірыңғай дерекқордан өзгертілген мәліметтерді алу” рәсімі орындалады (P.MM.05.PRC.006).

Аталған мәліметтерді ұсыну Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жүзеге асырылады. Аталған мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс.

19. Бірыңғай дерекқордан мәліметтер алу рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 3-суретте берілген.



3-сурет. Бірыңғай дерекқордан мәліметтер алу рәсімдері тобының жалпы схемасы

20. Бірыңғай дерекқордан мәліметтер алу, рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 3-кестеде берілген.

3-кесте

Бірыңғай дерекқордан мәліметтер алу рәсімдер тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.MM.05.PRC.004	бірыңғай дерекқорды жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтер алу	рәсім Комиссияның бірыңғай дерекқорды жаңарту күні мен уақыты туралы мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен мәліметтерді сұрату бойынша ұсынуына арналған
P.MM.05.PRC.005	бірыңғай дерекқордан мәліметтер алу	рәсім Комиссияның бірыңғай дерекқордан сұрау салулар бойынша мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен көрсетілген күні өзекті мәліметтерді ұсынуына арналған
P.MM.05.PRC.006	бірыңғай дерекқордан өзгертілген мәліметтерді алу	рәсім Комиссияның сұрау салулар бойынша сұрау салуда көрсетілген күн мен уақыттан бастап сұрау салуды орындағанға дейінгі кезең үшін мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен бірыңғай дерекқордан өзгертілген мәліметтерді ұсынуына арналған

6. Бірыңғай дерекқорға мәліметтерді енгізу туралы хабарлау рәсімдері тобы

21. Бірыңғай дерекқорға мәліметтерді енгізу туралы хабарлама рәсімдері мүше мемлекеттердің уәкілетті органы тыйым салынған дәрілік препарат туралы мәліметтерді бірыңғай дерекқорға енгізген кезде орындалады. Мұндай жағдайда " Бірыңғай дерекқорға мәліметтерді енгізу туралы хабарлау" рәсімі орындалады (P.MM.05.PRC.007).

Мүше мемлекеттің уәкілетті органы басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына хабарламалар жіберуі Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 25 қазандағы № 126 шешімімен бекітілген "Тоқтатыла тұрған, кері қайтарылған және медициналық қолдануға тыйым салынған дәрілік заттар жөніндегі бірыңғай ақпараттық дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті

) сәйкес жүзеге асырылады. Аталған мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс.

22. Бірыңғай дерекқорға мәліметтерді енгізу туралы хабарлама рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 4-суретте берілген.



4-сурет. Бірыңғай дерекқорға мәліметтерді енгізу туралы хабарлама рәсімдер тобының жалпы схемасы

23. Бірыңғай дерекқорға мәліметтерді енгізу туралы хабарлама рәсімдер тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 4-кестеде берілген.

4-кесте

Бірыңғай дерекқорға мәліметтерді енгізу туралы хабарлау рәсімдер тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.MM.05.PRC.007	Бірыңғай дерекқорға мәліметтерді енгізу туралы хабарлама	рәсім мүше мемлекеттің уәкілетті органының басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарын тыйым салынған дәрілік препараттар туралы мәліметтердің бірыңғай дерекқорға енгізілгені туралы хабарлауына арналған

V. Жалпы процестің ақпараттық объектілері

24. Олар туралы немесе олардан мәліметтер жалпы процеске қатысушылар арасындағы өзара іс-қимыл процесінде берілетін ақпараттық объектілер тізбесі 5-кестеде берілген.

5-кесте

Ақпараттық объектілер тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы

1	2	3
P.MM.05.BEN.001	бірыңғай дереккор	дәрілік заттардың қауіпсіздігі мен сапасын бақылауды мониторингтеу нәтижесінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарынан алынған тыйым салынған дәрілік препараттар туралы мәліметтерді қамтитын бірыңғай ақпараттық ресурс

VI. Жалпы процеске қатысушылардың жауапкершілігі

25. Мәліметтердің уақтылы және толық берілуін қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сақтамағаны үшін Комиссияның ақпараттық өзара іс-қимылға қатысатын лауазымды адамдары мен қызметкерлерін тәртіптік жауаптылыққа тарту 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа, Одақтың құқығын құрайтын өзге де халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес, ал мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының лауазымды адамдары мен қызметкерлерін тәртіптік жауаптылыққа тарту мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

VII. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштары

26. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі 6-кестеде берілген.

6-кесте

Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Тип	Сипаттамасы
1	2	3	4
P.CLS.009	Халықаралық өлшем бірліктері сыныптауышы	сыныптауыш	БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының № 20 ұсынымына сәйкес өлшем бірліктерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.019	әлем елдері сыныптауышы	сыныптауыш	ISO 3166-1 стандартына сәйкес елдердің атаулары мен олардың кодтарының тізбесін қамтиды
P.CLS.039	дәрілік препараттардың құрамындағы белсенді заттардың дозасы мен концентрациясының	сыныптауыш	белсенді заттардың дозасы мен концентрациясының сандық шамасын белгілеу үшін фармакологияда пайдаланылатын өлшем


	өлшем бірлігінің сыныптауышы		бірліктерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.041	дәрілік нысандар номенклатурасы	сыныптауыш	дәрілік нысандардың кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.044	дәрілік препараттар қаптамасының жиынтықтаушы құралдардың анықтамалығы	анықтамалық	дәрілік препараттың қайталама (тұтынушылық) қаптамасының құрамындағы жиынтықтаушы құралдардың кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.047	дәрілік затты шектеу ауқымы түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	дәрілік затты шектеу ауқымы түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.054	ұйымдастыру-құқықтық нысандар сыныптауышы	сыныптауыш	ұйымдастыру-құқықтық нысандар кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.069	дәрілік заттардың бастапқы қаптамалары түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	дәрілік заттардың бастапқы қаптамалары түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.109	дәрілік заттардың топтастыру, жалпыға бірдей қабылданған және химиялық атауларының анықтамалығы	анықтамалық	дәрілік заттардың топтастыру, жалпыға бірдей қабылданған және химиялық атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.110	қосымша заттардың сыныптауышы	сыныптауыш	қосымша заттардың кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.111	қосымша заттардың функционалдық мақсаттарының сыныптауышы	сыныптауыш	дәрілік заттардың құрамына кіретін қосымша заттардың функционалдық мақсаттарының кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.112	гомеопатиялық материал атауларының анықтамалығы	анықтамалық	гомеопатиялық материалдың кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды

P.CLS.113	дәрілік заттардың қайталама (тұтынушылық) қаптамалары түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	дәрілік заттардың қайталама (тұтынушылық) қаптамалары түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.MM.05.CLS.001	медициналық өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын бақылауды мониторингтеу нәтижелері бойынша шешім түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	медициналық өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын бақылауды мониторингтеу нәтижелері бойынша шешім түрлерінің тізбесін қамтиды

VIII. Жалпы процесс рәсімдері

1. Бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдері "Бірыңғай дерекқорға мәліметтерді енгізу" рәсімі (P.MM.05.PRC.001)

27. "Бірыңғай дерекқорға мәліметтерді енгізу" рәсімдерін (P.MM.05.PRC.001) орындау схемасы 5-суретте берілген.



5-сурет. “Бірыңғай дерекқорға мәліметтерді енгізу” рәсімдерін орындау схемасы (P.MM.05.PRC.001)

28. "Бірыңғай дерекқорға мәліметтерді енгізу" рәсімі (P.MM.05.PRC.001) мүше мемлекеттердің уәкілетті органы дәрілік зат айналысы шектелген жағдайда бірыңғай дерекқорға енгізу үшін тыйым салынған жаңа дәрілік препарат туралы мәліметтер ұсынған кезде орындалады.

29. Бірінші болып "Бірыңғай дерекқорға енгізу үшін мәліметтер ұсыну" (P.MM.05.OPR.001) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша мүше мемлекеттердің уәкілетті органы бірыңғай дерекқорға енгізу үшін тыйым салынған дәрілік препарат туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға ұсынады.

30. Комиссияға бірыңғай дерекқорға енгізу үшін тыйым салынған дәрілік препарат туралы мәліметтер келіп түскен кезде "Бірыңғай дерекқорға енгізу үшін мәліметтерді алу және өңдеу" операциясы орындалады (P.MM.05.OPR.002), оның орындалу нәтижелері бойынша тыйым салынған дәрілік препарат туралы мәліметтер бірыңғай дерекқорға енгізіледі. Мәліметтерді бірыңғай дерекқорға енгізу нәтижелері туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына беріледі.

31. Мәліметтерді бірыңғай дерекқорға енгізу нәтижелері туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына келіп түскен кезде "Мәліметтерді бірыңғай дерекқорға енгізу нәтижелері туралы хабарлама алу" (P.MM.05.OPR.003) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша аталған хабарламаны алу және өңдеу жүзеге асырылады.

32. "Бірыңғай дерекқорға енгізу үшін мәліметтерді алу және өңдеу" (P.MM.05.OPR.002) операциясы орындалған жағдайда "Бірыңғай дерекқорға енгізілген мәліметтерді жариялау" (P.MM.05.OPR.004) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша жаңартылған бірыңғай дерекқор Одақтың ақпараттық порталында жарияланады.

33. Тыйым салынған жаңа дәрілік препарат туралы мәліметтердің бірыңғай дерекқорға енгізілуі және бірыңғай дерекқордың Одақтың ақпараттық порталында жариялануы "Бірыңғай дерекқорға мәліметтерді енгізу" (P.MM.05.PRC.001) рәсімдерінің орындалу нәтижелері болып табылады.

34. Бірыңғай дерекқорға мәліметтерді енгізу" (P.MM.05.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 7-кестеде берілген.

7-кесте

"Бірыңғай дерекқорға мәліметтерді енгізу" (P.MM.05.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.MM.05.OPR.001	бірыңғай дерекқорға енгізу үшін мәліметтер ұсыну	осы Қағидалардың 8-кестесінде берілген

P.MM.05.OPR.002	бірыңғай дерекқорға енгізу үшін мәліметтерді алу және өңдеу	осы Қағидалардың 9-кестесінде берілген
P.MM.05.OPR.003	бірыңғай дерекқорға мәліметтерді енгізу нәтижелері туралы хабарламаны алу	осы Қағидалардың 10-кестесінде берілген
P.MM.05.OPR.004	Бірыңғай дерекқорға енгізілген мәліметтерді жариялау	осы Қағидалардың 11-кестесінде берілген

8-кесте

"Бірыңғай дерекқорға енгізу үшін мәліметтер ұсыну" (P.MM.05.OPR.001) операциясының сипаттамасы

рет №	Элементтің белгісі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.MM.05.OPR.001
2	Операцияның атауы	бірыңғай дерекқорға енгізу үшін мәліметтер ұсыну
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	орындаушы тыйым салынған жаңа дәрілік препарат туралы мәліметтерді бірыңғай дерекқорға енгізу үшін ұсынған кезде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	енгізілетін бірыңғай дерекқорға тыйым салынған дәрілік препараттар туралы мәліметтерді қамтитын хабарды қалыптастырады және мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес оларды Комиссияға жібереді
7	Нәтижелер	бірыңғай дерекқорға енгізуге және бірыңғай дерекқорды Одақтың ақпараттық порталында жариялауға арналған тыйым салынған жаңа дәрілік препарат туралы мәліметтер Комиссияға берілді

9-кесте

"Бірыңғай дерекқорға енгізу үшін мәліметтерді алу және өңдеу" (P.MM.05.OPR.002)

операциясының сипаттамасы

рет №	Элементтің белгісі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.MM.05.OPR.002
2	Операцияның атауы	мәліметтерді бірыңғай дерекқорға енгізу үшін алу және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	орындаушы тыйым салынған дәрілік препарат туралы мәліметтерді бірыңғай дерекқорға енгізу үшін алған кезде орындалады ("Бірыңғай дерекқорға енгізу үшін мәліметтер ұсыну" (P.MM.05.OPR.001) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы жалпы процесті іске асыру үшін пайдаланылатын Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Авторын жазу талап етіледі, мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ғана ұсынады. Хабар және электрондық құжат (мәліметтер) Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген электрондық құжат (мәліметтер) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптарға сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес орындаушы мәліметтерді қабылдайды және тексереді. Тексеру табысты орындалған жағдайда орындаушы бірыңғай дерекқорға жана мәліметтер енгізеді, енгізілген мәліметтер үшін жаңартылған күні мен уақытын толтырады, нәтижелері туралы хабарламаны қалыптастырады және Мүше

		мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мәліметтерді қосуға сәйкес келетін, өңдеу нәтижесі кодының мәні бар мәліметтерді бірыңғай дерекқорға енгізу үшін мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді
7	Нәтижелер	бірыңғай дерекқор жаңартылды, мәліметтерді бірыңғай дерекқорға енгізу нәтижелері туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілді

10-кесте

"Мәліметтерді бірыңғай дерекқорға енгізу нәтижелері туралы хабарламаны алу" (P.MM.05. OPR.003) операциясының сипаттамасы

рет №	Элементтің белгісі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.MM.05.OPR.003
2	Операцияның атауы	мәліметтерді бірыңғай дерекқорға енгізу нәтижелері туралы хабарламаны алу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	орындаушы мәліметтерді бірыңғай дерекқорға енгізу нәтижелері туралы хабарламаны алған кезде орындалады (" Бірыңғай дерекқорға енгізу үшін мәліметтерді алу және өңдеу" (P.MM.05.OPR.002) операциясы)
5	Шектеулер	хабарламаның форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес орындаушы мәліметтерді бірыңғай дерекқорға енгізу нәтижелері туралы хабарламаны қабылдайды және тексереді
		мүше мемлекеттердің уәкілетті органы мәліметтерді бірыңғай

7	Нәтижелер	дерекқорға енгізу нәтижелері туралы хабарламаны алды
---	-----------	--


11-кесте

"Бірыңғай дерекқорға енгізілген мәліметтерді жариялау" (P.MM.05.OPR.004) операциясының сипаттамасы

рет №	Элементтің белгісі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.MM.05.OPR.004
2	Операцияның атауы	бірыңғай дерекқорға енгізілген мәліметтерді жариялау
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	орындаушы бірыңғай дерекқор жаңартылған соң орындайды ("Бірыңғай дерекқорға енгізу үшін мәліметтерді алу және өңдеу" (P.MM.05.OPR.002) операциясы)
5	Шектеулер	–
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы тыйым салынған дәрілік препарат туралы мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялайды
7	Нәтижелер	жаңартылған бірыңғай дерекқор Одақтың ақпараттық порталында жарияланды

"Бірыңғай дерекқордағы мәліметтерді өзгерту" (P.MM.05.PRC.002) рәсімі

35. "Бірыңғай дерекқордағы мәліметтерді өзгерту" (P.MM.05.PRC.002) рәсімін орындау схемасы 6-суретте берілген.



6-сурет. "Бірыңғай дерекқордағы мәліметтерді өзгерту" (P.MM.05.PRC.002) рәсімін орындау схемасы

36. "Бірыңғай дерекқордағы мәліметтерді өзгерту" (P.MM.05.PRC.002) рәсімі мүше мемлекеттің уәкілетті органы бірыңғай дерекқорды жаңарту үшін тыйым салынған дәрілік препарат туралы өзгертілген мәліметтерді Комиссияға ұсынған кезде орындалады.

37. Бірінші болып "Бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу үшін мәліметтер ұсыну" (P.MM.05.OPR.005) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу үшін тыйым салынған дәрілік препарат туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға ұсынады.

38. Комиссияға бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу үшін тыйым салынған дәрілік препарат туралы мәліметтер келіп түскен кезде "Бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді алу және өңдеу" (P.MM.05.OPR.006) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша бірыңғай дерекқорда тиісті мәліметтер жаңартылады. Бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу нәтижелері туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына беріледі.

39. Мүше мемлекеттің уәкілетті органына бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу нәтижелері туралы хабарлама келіп түскен кезде "Бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу нәтижелері туралы хабарламаны алу" (P.MM.05.OPR.007) операциясы

орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша аталған хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

40. "Бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді алу және өңдеу" (P.MM.05.OPR.006) операциясы орындалған жағдайда "Бірыңғай дерекқорда өзгертілген мәліметтерді жариялау" (P.MM.05.OPR.008) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша бірыңғай дерекқордың жаңартылған мәліметтері Одақтың ақпараттық порталында жарияланады.

41. Тыйым салынған дәрілік препараттар туралы өзекті мәліметтерді, сондай-ақ өзгерістер тарихы туралы мәліметтерді қамтитын, жаңартылған және Одақтың ақпараттық порталында жарияланған бірыңғай дерекқор "Бірыңғай дерекқордағы мәліметтерді өзгерту" (P.MM.05.PRC.002) рәсімін орындау нәтижесі болып табылады.

42. "Бірыңғай дерекқордағы мәліметтерді өзгерту" (P.MM.05.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 12-кестеде берілген.

12-кесте

"Бірыңғай дерекқордағы мәліметтерді өзгерту" (P.MM.05.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.MM.05.OPR.005	бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу үшін мәліметтер ұсыну	осы Қағидалардың 13-кестесінде берілген
P.MM.05.OPR.006	бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді алу және өңдеу	осы Қағидалардың 14-кестесінде берілген
P.MM.05.OPR.007	бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу нәтижелері туралы хабарламаны алу	осы Қағидалардың 15-кестесінде берілген
P.MM.05.OPR.008	бірыңғай дерекқорда өзгертілген мәліметтерді жариялау	осы Қағидалардың 16-кестесінде берілген

13-кесте

"Бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу үшін мәліметтер ұсыну" (P.MM.05.OPR.005) операциясының сипаттамасы

рет №	Элементтің белгісі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.MM.05.OPR.005
2	Операцияның атауы	бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу үшін мәліметтер ұсыну
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
		орындаушы Комиссияға бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу үшін

4	Орындау шарттары	тыйым салынған дәрілік препарат туралы мәліметтерді ұсынған кезде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу үшін тыйым салынған дәрілік препарат туралы мәліметтерді қамтитын хабарды қалыптастырады және оны Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес Комиссияға жібереді
7	Нәтижелер	мүше мемлекеттің уәкілетті органы бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу үшін тыйым салынған дәрілік препарат туралы мәліметтерді ұсынды және бірыңғай дерекқор Одақтың ақпараттық порталында жарияланды

14-кесте

"Бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді алу және өңдеу" (P.MM.05.OPR.006) операциясының сипаттамасы

рет №	Элементтің белгісі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.MM.05.OPR.006
2	Операцияның атауы	бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді алу және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	орындаушы бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу үшін тыйым салынған дәрілік препарат туралы мәліметтерді алған кезде орындалады ("Бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу үшін мәліметтер ұсыну" (P.MM.05.OPR.005) операциясы)
		ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен

5	Шектеулер	<p>мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Авторын жазу талап етіледі, мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ғана ұсынады. Хабар және электрондық құжат (мәліметтер) Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде электрондық құжат (мәліметтер) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптарға сәйкес келуге тиіс</p>
6	Операцияның сипаттамасы	<p>орындаушы Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мәліметтерді қабылдайды және тексереді. Тексеру табысты өткізілген жағдайда орындаушы бірыңғай дерекқорда қамтылған мәліметтер іс-қимылының аяқталған күні мен уақытын алынған өзекті мәліметтер іс-қимылы басталған күні мен уақытының мәнін көрсете отырып толтырады. Нәтижесінде бірыңғай дерекқорда бұрын орналастырылған мәліметтер өзгерістер тарихын қарау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін сақталады, бірақ одан әрі өңдеу үшін қолжетімсіз болып қалады. Алынған өзекті мәліметтерді орындаушы бірыңғай дерекқорға қосады, мәліметтерді жаңартқан күн мен уақытын белгілейді, мәліметтердің өзгертілуіне сәйкес келетін өңдеу нәтижесі кодының мәні бар, бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу нәтижелері туралы хабарламаны қалыптастырады және Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді</p>
		<p>бірыңғай дерекқор жаңартылды, мүше мемлекеттің уәкілетті органына бірыңғай дерекқорға</p>

7	Нәтижелер	өзгерістер енгізу нәтижелері туралы хабарлама жіберілді
---	-----------	---

15-кесте

"Бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу нәтижелері туралы хабарламаны алу" (P.MM.05.OPR.007) операциясының сипаттамасы

рет №	Элементтің белгісі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.MM.05.OPR.007
2	Операцияның атауы	бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу нәтижелері туралы хабарламаны алу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	орындаушы бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу нәтижелері туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("Бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді алу және өңдеу" (P.MM.05.OPR.006) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу нәтижелері туралы хабарламаны қабылдайды және оны Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тексереді
7	Нәтижелер	мүше мемлекеттің уәкілетті органы бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу нәтижелері туралы хабарламаны алды

16-кесте


"Бірыңғай дерекқорда өзгертілген мәліметтерді жариялау" (P.MM.05.OPR.008) операциясының сипаттамасы

рет №	Элементтің белгісі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.MM.05.OPR.008

2	Операцияның атауы	бірыңғай дерекқорда өзгертілген мәліметтерді жариялау
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	орындаушы бірыңғай дерекқор жаңартылған кезден бастап орындайды ("Бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді алу және өңдеу" (P.MM.05.OPR.006) операциясы)
5	Шектеулер	–
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы жаңартылған мәліметтерді бірыңғай дерекқорда Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз етеді
7	Нәтижелер	жаңартылған бірыңғай дерекқор Одақтың ақпараттық порталында жарияланды

"Бірыңғай дерекқордан мәліметтерді алып тастау" (P.MM.05.PRC.003) рәсімі

43. "Бірыңғай дерекқордан мәліметтерді алып тастау" (P.MM.05.PRC.003) рәсімін орындау схемасы 7-суретте берілген.



7-сурет. "Бірыңғай дерекқордан мәліметтерді алып тастау" (P.MM.05.PRC.003) рәсімін орындау схемасы

44. "Бірыңғай дерекқордан мәліметтерді алып тастау" (P.MM.05.PRC.003) рәсімі дәрілік зат айналысын шектеу туралы шешімнің күші жойылған жағдайда мүше мемлекеттің уәкілетті органы Комиссияға тыйым салынған дәрілік препарат туралы мәліметтерді бірыңғай дерекқордан алып тастау үшін ұсынған кезде орындалады.

45. Бірінші болып "Бірыңғай дерекқордан алып тастау үшін мәліметтер ұсыну" (P.MM.05.OPR.009) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы тыйым салынған дәрілік препарат туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға бірыңғай дерекқордан алып тастау үшін ұсынады.

46. (P.MM.05.OPR.010) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша тиісті мәліметтер бірыңғай дерекқордан алып тасталады. Бірыңғай дерекқордан мәліметтерді алып тастау нәтижелері туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына беріледі.

47. Мүше мемлекеттің уәкілетті органына бірыңғай дерекқордан мәліметтерді алып тастау нәтижелері туралы хабарлама келіп түскен кезде "Бірыңғай дерекқордан мәліметтерді алып тастау нәтижелері туралы хабарламаны алу" (P.MM.05.OPR.011) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша аталған хабарламаны алу және өңдеу жүзеге асырылады.

48. "Бірыңғай дерекқордан алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.MM.05.OPR.010) операциясы орындалған жағдайда "Мәліметтерді алып тастағаннан кейін бірыңғай дерекқорды жариялау" (P.MM.05.OPR.012) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша жаңартылған бірыңғай дерекқор Одақтың ақпараттық порталында жарияланады.

49. Өзгерістер тарихын қарау мүмкіндігі бар жаңартылған және жарияланған бірыңғай дерекқор "Бірыңғай дерекқордан мәліметтерді алып тастау" (P.MM.05.PRC.003) рәсімін орындау нәтижесі болып табылады.

50. "Бірыңғай дерекқордан мәліметтерді алып тастау" (P.MM.05.PRC.003) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 17-кестеде берілген.

17-кесте

"Бірыңғай дерекқордан мәліметтерді алып тастау" (P.MM.05.PRC.003) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.MM.05.OPR.009	бірыңғай дерекқордан алып тастау үшін мәліметтер ұсыну	осы Қағидалардың 18-кестесінде берілген

P.MM.05.OPR.010	бірыңғай дерекқордан алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 19-кестесінде берілген
P.MM.05.OPR.011	бірыңғай дерекқордан мәліметтерді алып тастау нәтижелері туралы хабарламаны алу	осы Қағидалардың 20-кестесінде берілген
P.MM.05.OPR.012	мәліметтерді алып тастағаннан кейін бірыңғай дерекқорды жариялау	осы Қағидалардың 21-кестесінде берілген

18-кесте

"Бірыңғай дерекқордан алып тастау үшін мәліметтер ұсыну" (P.MM.05.OPR.009) операциясының сипаттамасы

рет №	Элементтің белгісі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.MM.05.OPR.009
2	Операцияның атауы	бірыңғай дерекқордан алып тастау үшін мәліметтер ұсыну
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	орындаушы бірыңғай дерекқордан алып тастау үшін тыйым салынған дәрілік препарат туралы мәліметтерді Комиссияға ұсынған кезде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы бірыңғай дерекқордан алып тастау үшін тыйым салынған дәрілік препарат туралы мәліметтерді қамтитын хабарды қалыптастырады және оны Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес Комиссияға жібереді
7	Нәтижелер	тыйым салынған дәрілік препарат туралы мәліметтер бірыңғай дерекқордан алып тастау үшін және бірыңғай дерекқор Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін Комиссияға ұсынылды

19-кесте

"Бірыңғай дерекқордан алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.MM.05. OPR.010) операциясының сипаттамасы

рет №	Элементтің белгісі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.MM.05.OPR.010
2	Операцияның атауы	бірыңғай дерекқордан алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	орындаушы тыйым салынған дәрілік препарат туралы мәліметтерді бірыңғай дерекқордан алып тастау үшін алған кезде орындалады ("Бірыңғай дерекқордан алып тастау үшін мәліметтер ұсыну" (P.MM.05.OPR.009) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Авторын жазу талап етіледі, мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ғана ұсынады. Хабар және электрондық құжат (мәліметтер) Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде электрондық құжат (мәліметтер) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптарға сәйкес келуге тиіс
		орындаушы Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мәліметтерді қабылдайды және тексереді. Тексеру табысты өткізілген жағдайда, орындаушы берілген мәліметтер құрамында көрсетілген іс-қимылдың аяқталу күні мен уақытының мәнін пайдаланып, тыйым салынған дәрілік препарат туралы мәліметтер іс-қимылының аяқталған күні мен уақытын толтырады, сондай-ақ

